

Меншік тууы

Шығуына
16-шы жыл
№ 228
(6929)
1944 жыл
Жума
17 ноябрь
Жеке санды
20 тыйын

Колхозшылар мен колхозшы әйелдер!
Меншікті қордан жеңіс қорына астық тапсыру
Қызыл Армия мен еліміздің күш-қуатын
арттыра түседі.

Меншікті қорымыздан Қызыл Армия қорына еселеп мол астық тапсырып, батыр жауынгерлеріміз Берлин үстінде жеңіс туын тігетін күнді жақындатайық!

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

ИГІЛІКТІ ІС

Кеменгер көсеміміз Сталин жолдас Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының 27 жылдығы туралы тарихи баяндамасында колхозшыларымыздың қажірлі еңбегіне қазіргі уақыттың қаруынсыз армия соғыса жәле жеңе де алмайды. Сол сияқты ол астықсыз, азық-түліксіз де соғыса алмайды және жеңе алмайды. Колхоз шаруаларының қамқорлығы арқасында Қызыл Армия астықтың төртінші жылында азық-түлік ағынан тапшылық көрмей отыр. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер жұмысшылар мен интеллигенцияны азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикі затпен жабдықтауда, айданға қару-жарақ, жабдық даярлаушы заводтар мен фабрикалардың жұмысты дұрыс атқаруын қамтамасыз етуде. Колхозды шаруаларымыз өздерінің Отан алдындағы міндетін толық түсініп, Қызыл Армияның ауды жеңуіне белсенділікпен жәрдемдесу деп баға берді.

Соғыс күндерінде колхозшылар егін дақсылығында жаңқарлықпен еңбек істеп, Қызыл Армия мен елімізге миллиондаған пұт астық берді. Колхозды шаруаларымыз өсіріп, бейбіт мол егін өсіріп, оны дер кезінде, асыраусыз жыйнап алуда еңбек үлгісін көрсетті.

Облысымыздың көптеген колхоздары мен совхоздары астық дайындау жоспарын орындап, қазірде жеңіс қорына жоспардан тыс астық тапсыруда. Совет ауданындағы Киров атындағы ауыл шаруашылық телінің колхозшылары мемлекетке бересі астықты толық өтеп, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 600 пұт астық тапсырды. Олар мұнымен тынбай, 7 ноябрьге дейін жеңіс қорына дербес қорларынан 720 пұт астық өткізді. Кировтіктер облысымыздың колхозшыларын тракторшылары мен мбайншыларын жеңіс қорына жоспардан тыс астық тапсыруға шақырды. Колхозшыларымыз Кировтіктердің шақыруын қызу орындап, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс мол астық тапсырып жатыр.

Колхозшылар кеменгер көсеміміздің тарихи баяндамасымен жігерленіп, тамаша игілікті іс бастады. Олар батыр жауынгерлеріміздің Берлин үстінде жеңіс туын тігетін күнін жақындату үшін Қызыл Армия қорына өздерінің дербес қорларынан астық тапсыруды күннен күнге өрістетуде.

Булаев ауданындағы «Бірлік» колхозының колхозшылары С. Ахметов жолдас дербес қорынан жеңіс қорына 7 пұт, Б. Азалин жолдас— 7 пұт астық тапсырды. Колхоздың колхозшылары алғашқы істері дербес қорларынан жеңіс қорына астық 62 пұт астық тапсырды. Совет ауданындағы «Красный полтавец» колхозының мүшелері жеңіс қорына өздерінің дербес қорынан 72 пұт астық берді.

Алайда, партия, кеңес және дайындаушылардың колхозшыларымыздың тамаша ниетін ерлеуін ойдағыдай басқара алмай отыр. Кейбір аудандарда партия, кеңес және дайындаушылардың басшылары астық тапсыру жөнінде мәлімет жыйнауға ғана шұғылданған.

ҚК(б)П аудандық комитеті мен аудандық кеңес атқару комитеттері әрбір колхоз совхозда, МТСТА Киров атындағы колхоз мүшелерінің хатын талқылауды қамтамасыз етіп, колхозшылар тапсырған астықты қабылдауды және оны дайындауына жөнелтуді ойдағыдай ұйымдастыру міндетті.

Мұнымен бірге, колхозшылар арасында көпшілік жұмысы кеңінен өрістетіліп, дербес қорларынан жеңіс қорына астықты тапсырған колхозшылар қабырға газеті мен жауынгерлік листовкелерге жазыл

азірде колхозшыларымыз кеменгер көсеміміз Сталин жолдасстың тарихи баяндамасымен руқтанған. Тек, партия, кеңес және дайындаушылардың колхозшыларымыздың игілікті іске жұмылдыру білудеріне жеткізіледі.

Дербес қордан жеңіс қорына астық тапсыру батыр Қызыл Армияның күшін нығайтты, жеңіс сағатын жақындата түседі. Астық—жеңісіміздің күшті құралы!

Кеңес Хабаршы бюросынан 14 НОЯБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

14 ноябрьде әскерлеріміз Венгрияда НАДЬКАТА қаласы мен темір жол станциясын ұрыспен алды, сол сияқты 30дан аса басқа да елді жерлерді, оның ішінде КЕВШЕВЕЗЕКЕНЬ, ПУСТА ЧАС, СЕНМАРТОН КАТА, ТАПИОШАГ, УРИ, ПЕТЕРИ қыстақтары мен НАДЬХАЛОМ, СЕНМАРТОНКАТА темір жол станцияларын алды. БУДАПЕШТІҢ оңтүстік жағында әскерлеріміз дұшпанның Дунай өзенінің шығыс жақ жағалауындағы табан тірейтін шебің жойды, сөйтіп ШОЛБТ қаласы мен темір жол станциясын және ДУНАЭДЬХАЗА қыстағын алды.

Ноябрьдің 10нан 13не дейінгі ұрыстарда Венгрия жерінде әскерлеріміз немістер мен венгрлердің 3.600 солдаты мен офицерін қолға түсірді. Сонымен, ноябрьдің 8нен 13не дейінгі ұрыстарда Венгрия жерінде әскерлеріміз немістер мен венгрлердің 7.700 солдаты мен офицерін қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді.

13 ноябрьде әскерлеріміз немістердің 18 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарын да және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 21 самоләті атып түсірілді.

15 НОЯБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

15 ноябрьде Венгрияда әскерлеріміз ЯСБЕРЕНЬ қаласы мен темір жол станциясын ұрыспен алды, сол сияқты 50ден аса басқа да елді жерлерді, оның ішінде СЕДЕРКЕНЬ, КЕРЕМ, ЭМЕД, ХАРШАНИ БАТА АБРАНЬ, ДОРМАНД, АТАНЬ, ЕРДЕТЕЛЕК, ХЕВЕШ, БОЦОНАД, ТАРНАЕРШ, ЯСДОЖА, ЯКОХАЛМА, ЯС-ДЬЕРДИ, ТО-АЛМАШ, ТАПИОСЕЧЕ, КОКА, ТАПИОШЮЛИ, ТАПИОШАП, МЕНДЕ үлкен қыстақтары мен ЭМЕД, ХЕВЕШ, БАЖОМАЙР, ЭРДЕТЕЛЕК, ЯСДОЖА, ТАРНАЕРШ, ТАПИОСЕЧЕ, БАРАЛАГ, МЕНДЕ темір жол станцияларын алды.

Немістерге қарсы соғысушы Югославия әскерлерімен бірге болгар әскерлері Югославия жерінде СКОПЛЕ қаласы мен темір жол торабын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді.

14 ноябрьде әскерлеріміз немістердің 21 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарын да және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 10 самоләті атып түсірілді.

* * *

Венгрияда әскерлеріміз дұшпанның ЯСБЕРЕНЬ маңызды тіректі қорғану бекінісін ұрыспен алды. Немістер бұл ауданда жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерін топтап, қатты қарсылық көрсетті. Дұшпан әлде неше рет шабуыл жасаушы бөлімдерімізді кері қуып тастауға тырысты. Алайда, гитлершілдердің қарсы атакалары табыссыз болды. Кеңес бөлімдері Ясберень қаласынан солтүстік-батысқа қарай 5 километр жердегі Кохалма қыстағын алып, дұшпанның екі жақ қанатына шыға бастады. Немістер мен венгрлер қоршауда қалудан қауыптеніп, өздерінің екі жақ қанатын нығайтуға тырысты. Дәл осы кезде әскерлеріміз қауырт шабуыл жасап, кескілескен көше ұрысының нәтижесінде қаланы алды. Күн тәулігі ішінде 50ден аса басқа елді жерлер мен бірнеше темір жол станциялары алынды. Әскерлеріміз жаудан көп олжа және немістер мен венгрлердің 570 солдаты мен офицерін қолға түсірді.

* * *

Иелгава (Митав) қаласының батыс жағында барлаушыларымыз дұшпанның жаяу әскер және танк дивизияларының бөлімдері орман ішінде топтанып, атака жасауға әзірленіп жатқандығын анықтады. Н. Құрамасының артиллерияшылары мен минометшілері жауға қарсы дереу нөсерлеті оқ жаудырып, тегеурінді шабуыл жасады. Зеңбірекшілеріміз бен минометшілеріміз неміс әскерлерінің шептеріне оқ боратты. Мұнымен бірге бомбашыларымыз бен штурмашыларымыз жауға әуеден соққы берді. Абыр-

жыған гитлершілдер орасан көп шығынға ұшырады. Дұшпанның тозғындауын пайдаланып, жаяу әскерлеріміз қарсы шабуылға шықты, сөйтіп солтүстіктегі шептерді алды.

Ұшқыштарымыз Салдус қаласы ауданында неміс аэродромына шабуыл жасады. Шабуыл нәтижесінде немістердің 4 самоләті жойылды және 3 самоләті зияндалды.

* * *

Пултускі қаласының оңтүстік жағында Кеңестер Одағының Батыры Хромыхтың бөлімшесіндегі жауынгерлер немістерге тұт қыйылдан шабуыл жасап, олардың траншеяларын алды. Дұшпан жаңадан күш жыйнап, жағдайды қалпына келтіруге тырысты. Бір рота немістер траншеяларға жақын келді. Осы кезде артиллерияшыларымыз дәлдеп оқ атып, гитлершілдерді бас көтертпей тастады. Немістердің бүкіл ротасынан небары 20-ақ солдат тірі қалды. Әскерлеріміз буларды да қолға түсірді.

1-Украин майданында неміс жаяу әскерлері ұрыспен барлау жүргізуге тырысты. Кеңес бөлімшелері гитлершілдерді жақын келтіріп алып, оларға мылтықтар мен пулеметтерден оқ жаудырды. Дұшпан өздерінің 200дей солдаты мен офицерінен өлдідей және жаралыдай айырылып, кері шегінді.

Капитан Миоковтың басқаруындағы төрт истребитель-ұшқыш жауынгерлік тапсырманы орындап жүргенде дұшпанның бір топ истребительдеріне кез болды. Шиеленіскен әуе ұрысында ұшқыштарымыз немістердің 3 самоләтін атып түсірді.

Егіннің әрбір гектарынан 1309 центнер ҚЫЗЫЛША ЖЫЙНАЛДЫ

Фрунзе облысының Калинин ауданының колхозшысы, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, қызылшадан мол өнім алудың атақты шебері Шаирбөпе Тезекбаева қант қызылшасынан мол өнім алу жөніндегі С у р а ғ а н Қайназарова жаңа рекордтан асып түсті. Тезекбаева

егіннің әрбір гектарынан 1309 центнер қызылша жыйнап, оны қант зауытына тапсырды. Тезекбаеваның стахановтық еңбегі зор бағаланды: ол 870 килограмм қант, 100 килограмм патока, 18.500 сом ақша және көптеген өндіріс бұйымдарын алды.

(ТАСС)

АСТЫҚ—ЖЕҢІСІМІЗДІҢ КҮШТІ ҚҰРАЛЫ!

Батыр Қызыл Армия қорына өз меншігінен астық тапсырушы колхозшылардың тізімі

БУЛАЕВ АУДАНЫНАН:

Совет ауданының Киров атындағы ауыл шаруашылық артелі мүшелерінің игілікті бастамасы бойынша, «Бірлік» колхозының (председателі Ахметов жолдас) колхозшылары алғашқы күндерде өздерінің меншіктерінен жеңіс қорына 62 пұт, Молотов атындағы колхоздың (председателі Ыбраев жолдас) колхозшылары—66 пұт, «Сұлы шоқ» колхозының (председателі Етекбаев жолдас) колхозшылары—46 пұт, «Еңбекші қазақ» колхозының (председателі Жәутеев жолдас) колхозшылары—42 пұт, «Стахановец» колхозының колхозшылары —72 пұт және «Екпінді» колхозының колхозшылары —72 пұт, «3-пятилетка» колхозының колхозшылары—210 пұт астық тапсырды.

«БІРЛІК» КОЛХОЗЫНЫҢ КОЛХОЗШЫЛАРЫ:

АХМЕТОВ Смағұл—7 пұт, ОЗАРАЛИН Баттал—7 пұт, СӘРСЕКЕЕВ Зияда —6 пұт, МҰРАТОВ Ахмет—6 пұт, КАПАРОВ Тілеу—5 пұт, КҮШЕРШИН Елеусіз—5 пұт, ЖАПАРОВ Маралбай—3 пұт;

«ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ» КОЛХОЗЫНЫҢ КОЛХОЗШЫЛАРЫ:

ӘБИЛОВ—6 пұт, СЫЗДЫҚОВ—3пұт, ЖӘУТЕЕВ—3 пұт, ИЛИЯСОВ—3 пұт, СӘРСЕНБАЕВ—3 пұт;

«СУЛЫ ШОҚ» КОЛХОЗЫНЫҢ КОЛХОЗШЫЛАРЫ:

БАЙТҰЯҚОВ—3 пұт, ЕСЕНҒҰЛОВ—3 пұт астық тапсырды.

ДЕРБЕС ҚОРДАН АСТЫҚ БЕРУДЕ

Батыр Қызыл Армияның жеңімпаздық шабуылымен және данышпан көсеміміздің ел еңбекшілерінің жауынгерлік еңбегіне берген зор бағасымен жігерленіп, Совет ауданындағы «Красный полтавец» колхозының мүшелері мемлекет алдындағы бірінші ларыз—астық дайындау жоспарын мұлтіксіз орындады, қабылдау орындарына 14544 пұт астық тапсырды.

Кеңестік Украина колхозшыларының игілікті бастамасын қолдай отырып, колхозшылар Қызыл Армия қорына 300 пұт астық тапсырды.

Б. ИМАНОВ

1494 ПҰТ АСТЫҚ ТАПСЫРДЫ

ПОЛУДИНО. (Өз тілшімізден). Полудень ауданындағы Ворошилов атындағы ауыл шаруашылық артелі астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Мұнымен бірге, колхоз Кеңестік Украина егіншілерінің үлгісі бойынша, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 1494 пұт саямалы астық тапсырды.

Колхоз мүшелері Совет ауданының Киров атындағы ауыл шаруашылық артелі мүшелерінің облысымыздың барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне комбайншылары мен тракторшыларына арнап жазған хатын қызу қолдап, енді Қызыл Армия қорына өздерінің дербес қорларынан астық тапсыра бастады.

Меншік тууы

Шығуына
16-шы жыл
№ 228
(6929)
1944 жыл
Жума
17 ноябрь
Жеке санды
20 тыйын

Колхозшылар мен колхозшы әйелдер! Меншікті қордан жеңіс қорына астық тапсыру Қызыл Армия мен еліміздің күш-қуатын арттыра түседі.

Меншікті қорымыздан Қызыл Армия қорына еселеп мол астық тапсырып, батыр жауынгерлеріміз Берлин үстінде жеңіс туын тігетін күнді жақындатайық!

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

ИГІЛІКТІ ІС

Кеменгер көсеміміз Сталин жолдас Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының 27 жылдығы туралы тарихи баяндамасында колхозшыларымыздың қажірлі еңбегіне қазіргі уақыттың қаруынсыз армия соғыса жәле жеңе де алмайды. Сол сияқты ол астықсыз, азық-түліксіз де соғыса алмайды және жеңе алмайды. Колхоз шаруаларының қамқорлығы арқасында Қызыл Армия астықтың төртінші жылында азық-түлік ағынан тапшылық көрмей отыр. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер жұмысшылар мен интеллигенцияны азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикі затпен жабдықтауда, айданға қару-жарақ, жабдық даярлаушы заводтар мен фабрикалардың жұмысты дұрыс атқаруын қамтамасыз етуде. Колхозды шаруаларымыз өздерінің Отан алдындағы міндетін толық түсініп, Қызыл Армияның ауды жөнуге белсенділікпен жәрдемдесу» деп баға берді.

Соғыс күндерінде колхозшылар егін даясында жаңқырлықпен еңбек істеп, Қызыл Армия мен елімізге миллиондаған пұт астық берді. Колхозды шаруаларымыз өсіретін бийыл мол егін өсіріп, оны дер кезінде, асыраусыз жыйнап алуда еңбек үлгісін ірсетті.

Облысымыздың көптеген колхоздары мен совхоздары астық дайындау жоспарын орындап, қазірде жеңіс қорына жоспардан тыс астық тапсыруда. Совет ауданындағы Киров атындағы ауыл шаруашылық телінің колхозшылары мемлекетке бересі астықты толық өтеп, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 600 пұт астық тапсырды. Олар мұнымен тынбай, 7 ноябрьге дейін жеңіс қорына дербес қорларынан 720 пұт астық өткізді. Кировтіктер облысымыздың колхозшыларын тракторшылары мен мбайншыларын жеңіс қорына жоспардан тыс астық тапсыруға шақырды. Колхозшыларымыз Кировтіктердің шақыруын қызу орындап, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс мол астық тапсырып жатыр.

Колхозшылар кеменгер көсеміміздің тарихи баяндамасымен жігерленіп, тамаша игілікті іс бастады. Олар батыр жауынгерлерінің Берлин үстінде жеңіс туын тігетін күнін жақындату үшін Қызыл Армия қорына өздерінің дербес қорларынан астық тапсыруды күннен күнге өрістетуде.

Булаев ауданындағы «Бірлік» колхозының колхозшылары С. Ахметов жолдас дербес қорынан жеңіс қорына 7 пұт, Б. Азалдин жолдас—7 пұт астық тапсырды. Колхоздың колхозшылары алғашқы ідері дербес қорларынан жеңіс қорына астық 62 пұт астық тапсырды. Совет ауданындағы «Красный полтавец» колхозының мүшелері жеңіс қорына өздерінің дербес қорынан 72 пұт астық берді.

Алайда, партия, кеңес және дайындау жұмыстарында колхозшыларымыздың тамаша ишылдық өрлеуін ойдағыдай басқара алмай отыр. Кейбір аудандарда партия, кеңес және дайындау ұйымдарының басшылары астық тапсыру жөнінде мәлімет жыйнауға ғана шұғылданған.

ҚК(б)П аудандық комитеті мен аудандық кеңес атқару комитеттері әрбір колхоз совхозда, МТСті Киров атындағы колхоз мүшелерінің хатын талқылауды қамтамасыз етіп, колхозшылар тапсырған астықты қабылдауды және оны дайындауына жөнелтуді ойдағыдай ұйымдастыру міндетті.

Мұнымен бірге, колхозшылар арасында көпшілік жұмысы кеңінен өрістетіліп, дербес қорларынан жеңіс қорына астықты тапсырған колхозшылар қабырға газеті мен жауынгерлік листовкелерге жазыл

ахазірде колхозшыларымыз кеменгер көсеміміз Сталин жолдасының тарихи баяндамасымен руқтанған. Тек, партия, кеңес және дайындау ұйымдары колхозшыларымыздың игілікті іске жұмылдыра білулеріне

дербес қордан жеңіс қорына астық тапсыру батыр Қызыл Армияның күшін нығайтты, жеңіс сағатын жақындата түседі. Астық—жеңісіміздің күшті құралы!

Кеңес Хабаршы бюросынан 14 НОЯБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

14 ноябрьде әскерлеріміз Венгрияда НАДЬКАТА қаласы мен темір жол станциясын ұрыспен алды, сол сияқты 30дан аса басқа да елді жерлерді, оның ішінде КЕВШЕВВЕЗЕКЕНЬ, ПУСТА ЧАС, СЕНМАРТОН КАТА, ТАПИОШАГ, УРИ, ПЕТЕРИ қыстақтары мен НАДЬХАЛОМ, СЕНМАРТОНКАТА темір жол станцияларын алды. БУДАПЕШТИҢ оңтүстік жағында әскерлеріміз дұшпанның Дунай өзенінің шығыс жақ жағалауындағы табан тірейтін шебің жойды, сөйтіп ШОЛБТ қаласы мен темір жол станциясын және ДУНАЭДЬХАЗА қыстағын алды.

Ноябрьдің 10нан 13не дейінгі ұрыстарда Венгрия жерінде әскерлеріміз немістер мен венгрлердің 3.600 солдатты мен офицерін қолға түсірді. Сонымен, ноябрьдің 8нен 13не дейінгі ұрыстарда Венгрия жерінде әскерлеріміз немістер мен венгрлердің 7.700 солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді.

13 ноябрьде әскерлеріміз немістердің 18 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарын да және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 21 самолеті атып түсірілді.

15 НОЯБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

15 ноябрьде Венгрияда әскерлеріміз ЯСБЕРЕНЬ қаласы мен темір жол станциясын ұрыспен алды, сол сияқты 50ден аса басқа да елді жерлерді, оның ішінде СЕДЕРКЕНЬ, КЕРЕМ, ЭМЕД, ХАРШАНИ БАТА АБРАНЬ, ДОРМАНД, АТАНЬ, ЕРДЕТЕЛЕК, ХЕВЕШ, БОЦОНАД, ТАРНАЕРШ, ЯСДОЖА, ЯКОХАЛМА, ЯС-ДЬЕРДИ, ТО-АЛМАШ, ТАПИОСЕЧЕ, КОКА, ТАПИОШЮЛИ, ТАПИОШАП, МЕНДЕ үлкен қыстақтары мен ЭМЕД, ХЕВЕШ, БАЖОМАЙР, ЭРДЕТЕЛЕК, ЯСДОЖА, ТАРНАЕРШ, ТАПИОСЕЧЕ, БАРЛАГ, МЕНДЕ темір жол станцияларын алды.

Немістерге қарсы соғысушы Югославия әскерлерімен бірге болгар әскерлері Югославия жерінде СКОПЛЕ қаласы мен темір жол торабын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді.

14 ноябрьде әскерлеріміз немістердің 21 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарын да және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 10 самолеті атып түсірілді.

* * *

Венгрияда әскерлеріміз дұшпанның ЯСБЕРЕНЬ маңызды тіректі қорғану бекінісін ұрыспен алды. Немістер бұл ауданда жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерін топтап, қатты қарсылық көрсетті. Дұшпан әлде неше рет шабуыл жасаушы бөлімдерімізді кері қуып тастауға тырысты. Алайда, гитлершілдердің қарсы атакалары табыссыз болды. Кеңес бөлімдері Ясберень қаласынан солтүстік-батысқа қарай 5 километр жердегі Кохалма қыстағын алып, дұшпанның екі жақ қанатына шыға бастады. Немістер мен венгрлер қоршауда қалудан қауыптеніп, өздерінің екі жақ қанатын нығайтуға тырысты. Дәл осы кезде әскерлеріміз қауырт шабуыл жасап, кескілескен көше ұрысының нәтижесінде қаланы алды. Күн тәулігі ішінде 50ден аса басқа елді жерлер мен бірнеше темір жол станциялары алынды. Әскерлеріміз жаудан көп олжа және немістер мен венгрлердің 570 солдатты мен офицерін қолға түсірді.

* * *

Иелгава (Митава) қаласының батыс жағында барлаушыларымыз дұшпанның жаяу әскер және танк дивизияларының бөлімдері орман ішінде топтанып, атақа жасауға әзірленіп жатқандығын анықтады. Н. Құрамасының артиллерияшылары мен минометшілері жауға қарсы дереу нөсерлеті оқ жаудырып, тегеурінді шабуыл жасады. Зеңбірекшілеріміз бен минометшілеріміз неміс әскерлерінің шептеріне оқ боратты. Мұнымен бірге бомбашыларымыз бен штурмашыларымыз жауға әуеден соққы берді. Абыр-

жыған гитлершілдер орасан көп шығынға ұшырады. Дұшпанның тозындауын пайдаланып, жаяу әскерлеріміз қарсы шабуылға шықты, сөйтіп солтүстіктегі шептерді алды.

Ұшқыштарымыз Салдус қаласы ауданында неміс аэродромына шабуыл жасады. Шабуыл нәтижесінде немістердің 4 самолеті жойылды және 3 самолеті зияндалды.

* * *

Пултускі қаласының оңтүстік жағында Кеңестер Одағының Батыры Хромыхтың бөлімшесіндегі жауынгерлер немістерге тұт қыйылдан шабуыл жасап, олардың траншеяларын алды. Дұшпан жаңадан күш жыйнап, жағдайды қалпына келтіруге тырысты. Бір рота немістер траншеяларға жақын келді. Осы кезде артиллерияшыларымыз дәлдеп оқ атып, гитлершілдерді бас көтертпей тастады. Немістердің бүкіл ротасынан небары 20-ақ солдат тірі қалды. Әскерлеріміз буларды да қолға түсірді.

1-Украин майданында неміс жаяу әскерлері ұрыспен барлау жүргізуге тырысты. Кеңес бөлімшелері гитлершілдерді жақын келтіріп алып, оларға мылтықтар мен пулеметтерден оқ жаудырды. Дұшпан өздерінің 200дей солдатты мен офицерінен өлдідей және жаралыдай айырылып, кері шегінді.

Капитан Миоковтың басқаруындағы төрт истребитель-ұшқыш жауынгерлік тапсырманы орындап жүргенде дұшпанның бір топ истребительдеріне кез болды. Шилеміскен әуе ұрысында ұшқыштарымыз немістердің 3 самолетін атып түсірді.

Егіннің әрбір гектарынан 1309 центнер қызылша жыйналды

Фрунзе облысының Калинин ауданының колхозшысы, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, қызылшадан мол өнім алудың атақты шебері Шаирбөпе Тезекбаева қант қызылшасынан мол өнім алу жөніндегі С у р а ғ а н Қайназарова жа саған рекордтан асып түсті. Тезекбаева

егіннің әрбір гектарынан 1309 центнер қызылша жыйнап, оны қант заводына тапсырды. Тезекбаеваның стахановтық еңбегі зор бағаланды: ол 870 килограмм қант, 100 килограмм патока, 18.500 сом ақша және көптеген өндіріс бұйымдарын алды.

(ТАСС)

АСТЫҚ—ЖЕҢІСІМІЗДІҢ КҮШТІ ҚҰРАЛЫ!

Батыр Қызыл Армия қорына өз меншігінен астық тапсырушы колхозшылардың тізімі

БУЛАЕВ АУДАНЫНАН:

Совет ауданының Киров атындағы ауыл шаруашылық артелі мүшелерінің игілікті бастамасы бойынша, «Бірлік» колхозының (председателі Ахметов жолдас) колхозшылары алғашқы күндерде өздерінің меншіктерінен жеңіс қорына 62 пұт, Молотов атындағы колхоздың (председателі Ыбраев жолдас) колхозшылары—66 пұт, «Сұлы шоқ» колхозының (председателі Етекбаев жолдас) колхозшылары—46 пұт, «Еңбекші қазақ» колхозының (председателі Жәутеев жолдас) колхозшылары—42 пұт, «Стахановец» колхозының колхозшылары—72 пұт және «Екпінді» колхозының колхозшылары—72 пұт, «3-пятилетка» колхозының колхозшылары—210 пұт астық тапсырды.

«БІРЛІК» КОЛХОЗЫНЫҢ КОЛХОЗШЫЛАРЫ:

АХМЕТОВ Смағұл—7 пұт, ОЗАРАЛИН Баттал—7 пұт, СӘРСЕКЕЕВ Зияда—6 пұт, МҰРАТОВ Ахмет—6 пұт, КАПАРОВ Тілеу—5 пұт, КҮШЕРШИН Елеусіз—5 пұт, ЖАПАРОВ Маралбай—3 пұт;

«ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ» КОЛХОЗЫНЫҢ КОЛХОЗШЫЛАРЫ:

ӘБИЛОВ—6 пұт, СЫЗДЫКОВ—3пұт, ЖӘУТЕЕВ—3 пұт, ІЛИЯСОВ—3 пұт, СӘРСЕНБАЕВ—3 пұт;

«СУЛЫ ШОҚ» КОЛХОЗЫНЫҢ КОЛХОЗШЫЛАРЫ:

БАЙТҰЯҚОВ—3 пұт, ЕСЕНҒҰЛОВ—3 пұт астық тапсырды.

ДЕРБЕС ҚОРДАН АСТЫҚ БЕРУДЕ

Батыр Қызыл Армияның жеңімпаздық шабуылымен және данышпан көсеміміздің ел еңбекшілерінің жауынгерлік еңбегіне берген зор бағасымен жігерленіп, Совет ауданындағы «Красный полтавец» колхозының мүшелері мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық дайындау жоспарын мүлтіксіз орындады, қабылдау орындарына 14544 пұт астық тапсырды.

Кеңестік Украина колхозшыларының игілікті бастамасын қолдай отырып, колхозшылар Қызыл Армия қорына 300 пұт астық тапсырды.

Б. ИМАНОВ

1494 ПҰТ АСТЫҚ ТАПСЫРДЫ

ПОЛУДИНО. (Өз тілшімізден). Полудень ауданындағы Ворошилов атындағы ауыл шаруашылық артелі астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Мұнымен бірге, колхоз Кеңестік Украина егіншілерінің үлгісі бойынша, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 1494 пұт санылы астық тапсырды.

Колхоз мүшелері Совет ауданының Киров атындағы ауыл шаруашылық артелі мүшелерінің облысымыздың барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне комбайншылары мен тракторшыларына арнап жазған хатын қызу қолдап, енді Қызыл Армия қорына өздерінің дербес қорларынан астық таясыра бастады.

КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Германиядан және ол басып алған елдерден кеңес азаматтарын өз жеріне қайтару істері жөніндегі өкілі генерал-полковник Ф. И. Голиковтың мәлімдемесі

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 14 ноябрь. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының хабарында былай делінген:

Батыстың азат етілген жерлерінде неміс құлдығында болған көптеген кеңес азаматтары бар екендігі туралы хабарларға, көптеген кеңес жұртшылығы аса назар аударып отырғандықтан, ТАССтың тілшісі КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің кеңес азаматтарын еліне қайтару істері жөніндегі өкілі генерал-полковник Ф. И. Голиковқа бұл азаматтарды еліне қайтару жұмыстарының жоспары жайында сұрақ қойды.

Тілшінің сұрағына жауап ретінде Голиков жолдас мынадай мәлімдеме жасады:

«Қызыл Армия мен одақтастарымыз армияларының ұлы жеңістері нәтижесінде көп мыңдаған кеңес адамдары жаудың тұтқындықтан құтылды.

Франция, Бельгия, Голландия, Италия, Люксембург, Ұлы Британия, Мысыр жерлеріне, Солтүстік Француз Африкасына, тіпті Америка Құрама Штаттарына бытыратылған оұл адамдар өздерінің кеңес отанына қайтарылуын күтеді.

Кеңес Үкметі азаматтарымыздың бұл зор тілегін мүмкін қадарынаша неғұрлым тез арада жүзеге асыру үшін барлық шараларды қолдануда. Қазірдің өзінде олардың 10 мың дайы Финляндиядан, Румыния мен Польшадан еліне қайтарылды. Алғашқы 10 мың адам Англиядан келді. Францияда, Бельгияда, Голландия мен Люксембургте кеңес азаматтарын еліне қайтару жөнінде зор дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Кеңес азаматтарын еліне қайтару ісін ұйымдастыруда жұмысты ең ұсақ мәселелер—азаматтарымызды іздестіріп, оларды жыйнаудан бастауға тура келіп отыр. Одақтастар әскерлері азат еткен жерлердегі адамдарымыз соғыс тұтқындары үшін жасалған лагерьлерде қалып қойып, олар кейде неміс соғыс тұтқындарымен бірге ұсталғандықтан, бұл былайша қарағанда оңай іс сияқты болғанымен шынында жөпірші жұмыс көрінбейді. Адамдарымыздың бұл лагерьлерде немістерге тәуелді болып келуі және осы уақытқа дейін тәуелді болып отырғандығы жайында да деректер бар. Олардың тұрмыс жағдайы көбінесе өте-өте нашар халде: олар нашар киінген, нашар тамақтанады, дәрігерлік тазалық сақтау жәрдемінен тыс қалған, басқалардан қысымшылық көреді.

Бір мысал келтірейік: Неміс лагерінен Италияға қашып бара жатқан 72 адамнан құралған кеңестің бір топ соғыс тұтқындары Прадо ауданында немістерге қарсы партизан күресін өрістетіп, ұрыстарда одақтастар әскерлерімен қосылып, өздері қолға түсірген көптеген неміс тұтқындарын одақтастар әскерлеріне тапсырды. Партизан отрядының қажетті жағдаймен қамтамасыз етіп, олардың еліне қайтуы үшін көмектесу орнына, жергілікті соғыс-әкімшілік орындары отрядты немістермен бірге тұтқындар лагеріне қамаған, сөйтіп оны мұнда 10 тәулік ұстап, ұйымдасқан түрде наразлық білдіргеннен кейін ғана отрядты тұтқындардан босатқан.

Бірсыпыра жағдайларда азат етілген жерлерге біздің адамдардың тез жыйналып, еліне қайтуларына бөгет жасалуда.

Кеңес азаматтарына жағдай жасау ісіндегі бұл жолсыздықтардың бәрі, одақтастар соғыс үкмет орындарының кейбір өкілдерінің одақтас мемлекетінің азаматтары жайындағы өздерінің міндеттерін жете түсінбегендіктерінен туып отырған болуы мүмкін. Кеңес үкметі бұл жолсыздықтарды болдырмау үшін батыл шаралар қолдануда. Оларға жақын арада тыйым салынатын дығына кепіл мол.

Сол сияқты кеңес мемлекетіне наразылықпен қарайтын адамдар өтірік-өсек және басқа лақап тарату арқылы, азаматтарымызды ақылынан тандырып, оларды кеңес елі ұмытып кетті-міс, олардан жиренді және оларды енді өз азаматымыз деп есептемейді-міс деген көз көріп, құлақ естімеген өтірікке сендіруге ғырысуда. Бұл адамдар біздің жерлерімізді, егер олар еліне қайта қалса, онда оларға қысымшылық көрсетіледі-міс деп қорқытуда. Мұндай сұайттыққа жауап қайтарып жатудың өзі артық болған болар еді.

Кеңес елі неміс құлдығының қармағына ілегіп қалған-өз азаматтарын есте сақтап, оларға қамқорлық көрсетуде. Кеңес топтары Германияның зорлық-зомбылығымен КСРО мүддесіне қарсы әрекет жасаған кейбір кеңес азаматтарының өзі, егер, олар еліне қайтарылғаннан кейінгі күнде өз борыштарын аброймен орындайтын болса, онда олар жауапқа тартылмайды деп есептейді.

Немістердің құлдығында бола тұрып, мыңдаған кеңес азаматтарының жауға қарсы батырлықпен күрескендігіне дәлел болатын көптеген фактілер бар. Мәселен, бұрынғы Қызыл Армияның қызыл әскерлері мен офицерлері болған, сонынан немістердің қолына түсіп қалып, немістер оларды Франция жеріне айдап апарған көптеген орыстар, грузиндер, армяндар, тәжіктер, татарлар, украиндар мен белорусстар топтарымен, бөлімшелер құрып, Франция жерінде қолдарына қару алып, неміс командованиясіне қарсы көтеріліс жасағаны, француз партизандарына қосылып, Франция мен

Бельгияны немістерден азат етуге белсене қатысқаны мәлім. Отанымыз мұндай ұлдарын шын мәнісінде мақтан ете алады. Еліне қайтарылған барлық кеңес азаматтарына олардың кей біреулеріне қолға қару алып, екінші біреулеріне өндірісте, ал үшіншісіне-мәдениет майданында дереу жауды талқандау ісіне белсене қатысып, жеңіске жетулеріне толық мүмкіншілік беріледі.

Мұнымен бірге олардың бәріне қажетті жабдық көмегі, тұрмыстық жәрдем, емделу, оқу және басқалар жөнінде тиісті жәрдем көрсетіледі.

Балалар, оның ішінде өз аналарынан немістер ұрлап әкеткен көп мыңдаған балалар туған-туысқандарына қайтарылады, ал екінші біреулері—балалар үйлері мен санаторияларға орналастырылады.

Көптің ішінен бір мысал келтірейік: жақын арада Карпат сыртындағы Украина жерінде, Мукачехо қаласының маңында Қызыл Армияның әскерлері немістерден 2 жастан 15 жасқа дейінгі 200 адамдай кеңес балаларын құтқарып алды. Немістер оларды екі айдан бері темір жол бойы сүйреулеуде болды. Көп балалар жолшыбай ауру мен аштықтан қаза тапты, ал ауру балаларды немістер атып өлтірді.

Қазір ол балалар өлімнен құтқарылды, олар киім-кешек беріліп, емделіп, азық-түлік беріліп, туған-туысқандарына қайтарылып жатыр.

Қазіргі күнде КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің кеңес азаматтарын еліне қайтару істері жөніндегі өкілінің өкілдері бірсыпыра елдердегі жергілікті жерлерде жұмыс атқарып жүр, ал екінші біреулері бастапқылардың ізінше сапарға шығу үшін әзірленуде.

Басты жұмысымыз әлі алда. Бұғауға түскен кеңес адамдарының басым көпшілігі әлі азат етілген жоқ, олар осы күнге дейін Германия жерінде зар илеуде.

Жауды толық әрі бір жолата талқандайтын күн жақын қалды. Ол күн біздің кеңестік аға-інілеріміз бен апа-қарындастарымыздың азат етілген қуанышты күні болады, олардың бәрі өз елінен, майданда жауға қарсы шайқасқан жауынгерлер арасынан, айбынды мемлекетімізді құрушылар арасынан өздеріне орын табады. Немістердің құлдығынан азат етілген кеңес адамдарының туған жерлеріне, өз үйлеріне қайтушыларына онда өз шаруалары мен айналысып, өз халқы мен өз отаны үшін шексіз қызмет істеулеріне зор мүмкіншілік туғызады.

Одақтастар әскерлері 13 ноябрьде Меданың солтүстік және оңтүстік жағында алға басуда болды. Жаяу әскер бөлімдері Эрнингте жетіп, қазір Ансервильден солтүстік-шығысқа қарай бір миль жерде тұр. Одақтастар әскерлері Мозель өзені бойындағы қалаларды, Поммерье, Верне, Льеон қалаларын және Корнидің оңтүстік-шығыс жағын өз қолдарында ұстап тұр.

Люневильдің шығыс жағындағы секторда дұшпанның қатты қарсылығына қарамастан, одақтастар әскерлері 2 мильдей алға басты. Лейнтре қаласы азат етілді. Одақтастар әскерлері Бройердің оңтүстік-шығыс жағындағы секторда айтарлықтай табыстарға жетті. Голландиядағы ұрыс қыймылдары күзет әскерлерінің қыймыл жасауымен және артиллерия атысымен тынды.

Ауа райының нашар болуы авиацияның қыймыл жасауына тағы да кедергі жасады.

ЛОНДОН, 15 ноябрь. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының хабарында былай делінген:

Вeerтадтың шығыс жағындағы секторда одақтастар әскерлері неміс шептеріне шабуыл жасап, онда жаудың әлсіз қарсылығына кез болды. Иоорер, Весеем, Нордер қыстақтары алынып, онда бекіністер жасалды.

Меца секторында одақтастар әскерлері дұшпанның қарсы атакаларын тойтарып, солтүстік және оңтүстік жақтан қалаға қатты шабуыл жасауда. Мозель өзенінің өткелі аузындағы бекіністерді өз қолдарында ұстап тұрған одақтастар әскерлері Кенингсмахерма ауданында одақтастардың негізгі әскер бөлімдерімен қосылып, Кунтдигаға жетті. Одақтастардың күзет әскерлері Лемстрес төңірегін өтті. Одақтастардың екінші бір құрамалары Орниді алып, Куа-Де-Лга кірді.

ОРТА ТЕНІЗ СОҒЫС МАЙДАНЫНДА

ЛОНДОН, 14 ноябрь. (ТАСС). Одақтастардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай делінген: Италияда 8-армияның бөлімдері Хорли қаласы ауданында едәуір алға басты. Хорлидің оңтүстік-батыс жағында ағылшын әскерлері бірнеше жерде Монтоне өзенінен өтті, сөйтіп дұшпанның қатты қарсылығына қарамастан, өзеннің солтүстік жағындағы қыраттарға қарай алға басуда. Сол жақ қанатта 8-армияның бөлімдері Баньолонни алып, дұшпанның қарсылығын жеңді және аса маңызды Монте Казола биігін жаудан тазартты. Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

Одақтастар авиациясы дұшпанның Италия мен Югославиядағы бірсыпыра соғыс орындарына шабуыл жасады.

ЛОНДОН, 15 ноябрь. (ТАСС). Одақтастардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай делінген: Италияда 8-армияның бөлімдері Хорли қаласы ауданында ойдағыдай алға басуда болды. Қаланың солтүстік-батыс жағында ағылшын бөлімдері дұшпанның қатты қарсылығын жеңіп, Сан Томе деревнясының сыртына қарай алға басты. Хорлидің батыс жағында ағылшындардың екінші бір әскер бөлімдері өздерінің Монте өзенінің өткелі аузындағы бекіністерін жақтан шабуыл жасады. 5-армияның секторында Индия дивизиясы дұшпанның қатты қарсылығын жеңіп, Монте-Сан-Бартоло маңызды биігін алды.

Жауапты редактордың міндетін уақытша атқарушы
Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.

ОБЛЫСЫМЫЗДЫҢ ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНДА

Еңбек өнімін арттырды

Ленин ауданындағы өндіріс комбинатының коллективі көсемнің баяндамасы мен бұйрығын оқығаннан кейін, өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алды. Жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер алған міндеттемелерін аброймен орындап шығу үшін социалистік жарыс туын жоғары көтере түсті.

Қаңылтырдан ыдыс жасау цехының мүшелері соңғы бескүндік тапсырманы 115 процент орындады. Ағаштан аспап жасайтын цехтың жұмысшылары да осындай көрсеткіштерге ие болды. Пима басушылар цехының стахановшылары Сотников және Ченокова жолдастар еңбек өнімін еселеп арттырып, смена сайын біржарым—екі мөлшер орындауды дағдыға айналдырды.

Ж. СЕИТОВ.

Жарыста озып шығу үшін күресуде

Н. заводдың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдастың тарихи баяндамасын зор ықыласпен тыңдап, ноябрь айының өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындауға міндеттенген еді. Бұл міндеттемені орындауда барлық жұмысшылар асқан жігермен еңбек істеді. Соның нәтижесінде ноябрь айының 10 күндік жұмыс жоспарын едәуір артығымен орындады.

Ермалаев жолдас бастық болып істейтін цехтың жұмысшылары социалистік жарыста алған міндеттемелерін іс жүзінде мүлтіксіз орындау үшін уақытпен санаспай еңбек істеп, өткен айдың өндірістік жоспарын мерзімінен едәуір бұрын орындап, жоспардан тыс көптеген сапалы заттар өндірді.

Комаров жолдас басқаратын цехтың коллективі жауды біржолата жеңу сағатын

тездету үшін қажірлі еңбек істеп жүр. Олар күнделік жұмыс тапсырмаларын 110—130 процент орындайды.

Заводтың комсомол мүшелері мен жастары Қызыл Армияның тамаша жеңістеріне өндірісте жаңа табыстарға жетумен жауап беруде. Денисова жолдастың бригадасы күнделік жұмыс мөлшерін екі есе орындап, жарыста зор табыстарға ие болды.

Стахановшылар Безруков, Дәулетов, Шафеева жолдастар кеменгер Сталин жолдастың тарихи бұйрығына өндірістік жаңа табыстарға жетумен жауап беру үшін қажірлі еңбек істеп, күнделік жұмыс мөлшерін артығымен орындап жүр.

Завод коллективі шабуылдағы Қызыл Армияға көмекті бұрынғыдан да мол беру үшін еңбек өнімін барған сайын арттыруға серт берді.

Е. МАЛАЕВ.